Тауар нарықтарына кіру кедергілерін анықтау және жою жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Тараз қаласы *08.04.2026 ж.*

Төраға Мухиев Д.К. – Кеңес төрағасы

Кеңес Хатшысы Оспанова Л.А. - БҚДА Жамбыл облысы бойынша департаментінің бәсекелестікті дамыту бөлімінің басшысы

Кеңес мүшелері – қатысушылар: Азимов Ж.К. – БҚДА Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы, Жиеналиев А.Д. – «Фиркан» ЖК басқарушы директоры, Маханбаев А.Ж. – «Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару жөніндегі кәсіпкерлер қауымдастығының» басшысы, Айдаров Л.А. – «Бизнесті индустрияландыруға жәрдемдесу палатасы» қауымдастығы басқарма төрағасы, Ким М.Б. – «Агрессивті культтерді зерттеу» ҚБ төрағасының міндетін атқарушы, «Бітімгер-Ел» медиация орталығы мен «Құқық» қоғамдық қоры басшысының орынбасары, Сексенбаев У.М. – «Нәркес-Строй маркет» ЖШС директоры, Абуов Ж.О. – «Кәсіпкер-Тараз» ЖШС директоры, Копелбек Т.О. – «Садыхан» ОКДМЦ эпидемиолог дәрігері, Федорова И.Г. – Жамбыл облысы бойынша «Азаматтық құқықтарды қорғау комитеті» ҚБ басшысы, Абдыкадыров А.К. – Жамбыл облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының экономика жөніндегі орынбасары.

Қатыспағандар: Әмзе М.А. – «Мырза-Хан» ЖШС Жамбыл филиалының директоры, Ертаева Ж.А. – «Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжінің директоры

КҮН ТӘРТІБІ:

бағалар мен тарифтерге тікелей немесе жанама мемлекеттік реттеу қолданылатын нарықтарды айқындау (БҚДА тапсырмасына сәйкес)

Жиналғандардың алдында Департамент басшысы Азимов Ж.К. сөз сөйлеп, Департаментке бағалар мен тарифтерге тікелей немесе жанама мемлекеттік реттеу қолданылатын тауар нарықтарын айқындау қажеттілігі туралы АЗРК тапсырмасы түскенін хабарлады.

Кеңес мүшелері талқылау нәтижесінде бағаны тікелей мемлекеттік реттеу келесі нарықтарда қолданылатынын атап өтті: жанар-жағармай материалдарын бөлшек саудада өткізу, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары. Сондай-ақ «базалық әуеайлақта әуе кемесіне тұрақ орнын ұсыну» әуежай қызметтері нарығында және жергілікті атқарушы органдар бекітетін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару нарығында да тікелей мемлекеттік реттеу бар.

ҚАБЫЛДАНҒАН ҰСЫНЫСТАР:

№	Нарықтың атауы	Шектеу түрлері	Реттелетін нарықтың нормативтік-құқықтық актілері	Реттеуді алып тастауға негіздеме
1	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары (ӘМАТ)	15% сауда үстемесін бақылау – *тікелей реттеу құралы*	Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 9-бабында ішкі сауда саласындағы баға белгілеу айқындалған	Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына қатысты өндірушінің босату бағасынан немесе көтерме жеткізушінің сатып алу бағасынан, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жеткізу шартымен айқындалған бағаға 15 пайыздан аспайтын шекті сауда үстемесін белгілейді. Ұсыныс: Бөлшек сауда нарығында 15% үстемені алып тастау. Бұл нарыққа бағаларды нақты шығындарға сәйкес еркін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Еркін баға белгілеу жеткізілімдердің көлемі мен ассортиментінің өсуін ынталандырады, тапшылықты азайтады, инвестиция салу және кеңеюге ынтаны арттырады. Нысаналы әлеуметтік көмекті қолдану, сондай-ақ сөрелерді ӘКК арқылы толықтыру ұсынылады.
2	Әуежай қызметтері нарығы (аэродромдық қызмет көрсету)	Базалық әуеайлакта әуе кемесіне тұрақ орнын ұсыну – *тікелей реттеу құралы*.	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 749 «Әуежай қызметінің құрамына кіретін әуеайлаққа және жерде қызмет көрсету тауарларының, жұмыстарының, қызметтерінің тізбесін бекіту туралы» бұйрығы; Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 151 «Реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығы.	Тарифтерді инфляцияны және өзге де шығындарды ескере отырып, нарық субъектілерінің өздері дербес белгілеуіне беру.
3	Қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) жинау және тасымалдау	Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтерін бекіту – *тікелей реттеу құралы*.	ҚР Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасы.	Әр 2 жыл сайын нарық субъектілеріне соңғы жылдағы ресми инфляция деңгейін ескере отырып, тарифтерді өз бетінше белгілеуге мүмкіндік беру.

Хатшы Л.Оспанова